

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ

01.03.2021 ж.

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

№ 13

г. Алматы



Бекітемін:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

Абдрашев Б.Т.

2021 ж. « 01 » 03

ПСИХОЛОГ

Өзірлеген:			
Директордың оқу жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	26.02.2021
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	26.02.2021
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	26.02.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3.	ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	6
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	7
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		7
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....		8

Лауазымдық нұсқаулық	Психолог	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-нан 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) психологінің қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Психолог педагогикалық жұмыскерлер санатына жатады.

4. Психолог Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады. Психологтің қызметіне басшылықты директордың тәрбие жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

5. Психолог өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;
- 2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;
- 3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Психолог лауазымына «Психология» мамандығы бойынша жоғары білімі немесе тиісті бейін бойынша кәсіби білімі бар тұлға тағайындалады, оның жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

2. Психолог төмендегілерді білуге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
- 3) Бала құқығы туралы Конвенцияны;
- 4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Бала құқықтары туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерін;
- 5) жеке тұлға психологиясын, дифференциалды балалар мен жас ерекшелік әлеуметтік, медициналық психологияны, балалар нейропсихологиясын, патопсихологиясын, психосоматикасын;
- 6) дефектологияны, психотерапияны, сексологияны, психогигиенаны, кәсіптік бағдар беруді, кәсіптік білім беруді және еңбек психологиясын, психодиагностиканы, психологиялық консультация беруді және психопрофилактиканы;
- 7) белсенді оқытудың, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістерін;

Лауазымдық нұсқаулық	Психолог	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-нан 3 бет

8) жеке және топтық консультацияның заманауи әдістерін, баланың дамуын диагностикалауды және түзетуды;

9) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Психолог оқушылардың психологиялық және әлеуметтік саулығын сақтауға бағытталған қызметті жүзеге асырады. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға және ҚР басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі.

2. Білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескеріп, жұмысты жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға әрбір жас кезеңінде оқушылардың нақты психологиялық мәселелерін шешуде көмек көрсетеді. Балалардың эмоциялық саулығын, тиімді дамуын қамтамасыз етеді, музыкаға дарынды балалардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олармен диагностикалық коррекциялық жұмысты ұйымдастырады.

3. Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуының бұзылуына диагностика жасайды, оларға психологиялық-педагогикалық түзету жүргізеді. Оқушылардың жеке және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын әзірлейді, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда бағдарлауға және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде дайындығын дамытуға ықпал етеді.

4. Жұмыс жоспарына сәйкес немесе мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің сұрауы бойынша оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық, эмоциялық-ерікті ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен бейімділігін зерттейді, қазіргі заманғы психологиялық әдістемелерді меңгерген, баланың психикалық дамуындағы қандай да бір ауытқыларын жоюға бағытталған түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады, балалармен, педагогтермен, ата-аналармен проблемалы (стандартты емес) жағдайларда жұмысты ұйымдастырады. Оқушылар мінез-құлқының стандартты емес формалары анықталғаны туралы мектеп-интернаттың әкімшілігін хабардар етеді. Буллинг, суицидтің алдын алу жұмыстарын жүргізеді, әлеуметтік бейімдеудің белсенді әдістерін қолданады. Барлық жұмыс түрлерінің жазбасын жасап, тіркеу жүргізеді, психологиялық жұмыстың нәтижелерін есепке алады.

5. Оқытушылар ұжымын, сынып жетекшілерін, мектеп жанындағы интернат тәрбиешілерін, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелерінде бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды. Оқу-тәрбие процессінің психологиялық талдауын әзірлеуде мектеп-интернаттың әкімшілігімен іс-қимылды жүзеге асырады. Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді.

Лауазымдық нұсқаулық	Психолог	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-нан 4 бет

6. Музыкаға дарынды білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың шығармашылық дамуына, орнықты кәсіптік қызығушылықтары мен бейімділіктерін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Мектепте қолайлы психологиялық климатты құру бойынша жұмыс жүргізеді, педагогтердің балалармен (ересек – бала) қатынасы түрлерін жақсартуға және педагогтер ұжымында қатынасу түрлерін (ересек – ересек) оңтайландыруға ықпал етеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың психологиялық денсаулығына қамқор болады, баланың ішкі дүниесіне, сезімдері мен алаңдаушылықтарына, әуестері мен қызығушылықтарына, қабілеттері мен білімдеріне, оның өз өзіне, құрдастарына, ересек адамдарға, қоршаған әлемге, отбасыда және қоғамда орын алған оқиғаларға, тұтастай дерлік өмірге деген қатынасына назар аударады.

7. Оқушыларды конкурстарға, сынып концерттеріне және басқа да сахнада өнер көрсетуге даярлау кезінде психологиялық көмек ұйымдастырады. «Эмоциялық құзыреттілікті», яғни өзінің сезімдері мен қалауларын тиімді басқару қабілетін қалыптастыру бойынша жұмыс істейді. Оқушыларды конкурстарға даярлау кезінде, шығармашылық ортасын және салауатты бәсекелестік ахуалын құру, жеке психологиялық мінездемелерін ескере отырып, оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту бойынша педагогтерге көмек көрсетеді.

8. Педагогтер ұжымы мен ата-аналарды психологиялық тұрғыдан ағартуды жүзеге асырады, музыкаға дарынды оқушыларды психологиялық қолдау бойынша ұсыныстар әзірлейді, консультациялық көмек көрсетеді. Өз құзыреті шегінде мектеп-интернаттың оқушыларына, мектеп жанындағы интернаттың тәрбиеленушілеріне, педагогтерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға көптеген кәсіптік және жеке проблемалар бойынша консультация береді.

9. Кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттырады. Психологиялық-педагогикалық қызметтің өзекті мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға қатысады, әдістемелік құралдар, оқу-әдістемелік кешендер әзірлейді. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің, ата-аналар жиналыстарының, ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдардың жұмысына, сауықтыру, тәрбиелеу және басқа да іс-шараларға қатысады. Сынып жетекшілері және мектеп жанындағы интернаттың тәрбиешілері үшін материалдар дайындайды, семинарлар, оқыту тренингтерін және т.б. ұйымдастырады.

10. Мектепте оқуға жеткіліксіз психологиялық дайындығын ерте анықтау мақсатында бірінші сыныптарға балаларды қабылдауға қатысады, мектептегі бірінші күннен-ақ оқу іс-әрекетіне толыққанды енуін қамтамасыз ету үшін мұғаліммен бірлесіп балалармен жеке жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

11. Бастауыш мектептен орта буынға өту кезінде балаларды психологиялық зерттеуді өткізеді, жаңа буында оқуға психологиялық дайындығын ескере отырып, мұғаліммен бірлесіп балалармен жеке жұмыс бағдарламасын әзірлейді. Бала тұлғасының жеке ерекшеліктерін, бейімділігін,

Лауазымдық нұсқаулық	Психолог	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		8-нан 5 бет

қабілеттерін барынша толық ашу үшін оның мінез-құлқы мен дамуын психологиялық талдау мақсатында психологиялық-педагогикалық консилиумдар ұйымдастырады.

12. Білім беру процессіне барлық қатысушылардың: білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылар ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың толерантты психологиялық мәдениетін қамтамасыз етеді.

13. Оқу, даму, өмірлік және кәсіптік тұрғыдан өзін өзі анықтау, ересектермен және құрдастарымен өзара қатынас, өзін өзі тәрбиелеу мәселелері және т.б. бойынша балаларға жеке және топтық консультациялар өткізеді:

- Жеке деңгей оқушымен тікелей психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізуді білдіреді. Ол үшін жеке жұмыстың барлық формалары қолданылады.
- Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің топтық деңгейі сыныпта талантты және дарынды оқушылардың топтарымен ұйымдастырылады: мұндай жұмыстың мысалы ретінде топтық тренингтер, топтық консультациялар және психологиялық қолайлы ортаны, сыныптастармен позитивтік өзара қатынасты құру бойынша педагогтердің қызметін қамтамасыз ететін басқа да жұмыс формалары ұсынылуы мүмкін; бүкіл сыныпты психологиялық сүйемелдеуін ұйымдастыру және білім беру процессіне барлық қатысушылардың тұлғааралық қатынастарын қадағалау.

14. Оқушы мен тәрбиеленушілер арасында кибермәдениет пен кибергигиена дағдыларын дамытады.

15. Тәрбие процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді. Әрбір жазатайым оқиға туралы мектеп әкімшілігін жедел хабардар етеді, зардап шеккенге дәрігерге дейінгі көмек көрсету шараларын қабылдайды,

16. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, орындайды.

17. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдылық принциптерін сіңіреді.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Психологтің мынадай құқықтары бар:
 - 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
 - 2) өзінің кәсіби қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
 - 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
 - 4) Мектептің психологиялық қызметінің жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
 - 5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;

Лауазымдық нұсқаулық	Психолог
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
8-нан 6 бет	

6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің психологиялық қызметі мен ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;

7) оқушыларды көтермелеу бойынша ұсыныстар енгізуге;

8) оқушылардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына сәйкес оқушыға тәртіптік әсер ету шараларын қабылдауға;

9) өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Психологтің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Психолог Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;

2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;

3) жоспарлы тапсырмаларды орындамағаны үшін;

4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте психолог оқушылардың құқықтары мен еркіндіктері бұзылғаны үшін жауапты болады. Білім алушының тұлғасына тәни және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиелеу әдістері қолданылғаны үшін психолог ҚР заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуы мүмкін.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

Лауазымдық нұсқаулық	Психолог
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-нан 7 бет